

ӘОЖ 37(574)

¹А.Б. Айтбембетова, ²Р.А. Мурабилдаева*

¹Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: riza27@mail.ru

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім экономикасының дамуының өзекті бағыттары

Қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұғырнамасы – білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол іспетті. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы болып табылатыны анық. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ – ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Олай болса еліміздің болашағы болып табылатын жас мамандарға білім беретін білім мекемелерін дамыту заман талабы, — деп айтуымызға болады.

Түйін сөздер: Білім беру жүйесі, білім беруді дамыту көрсеткіші, ғылыми-технологиялық даму, білім беру және ғылым саласындағы стратегиялық мақсаттар, бәсекеге қабілеттілік.

А.Б. Айтбембетова, Р.А. Мурабилдаева

Основные направления развития экономики образования РК в современный период

В современный период основная задача, стоящая перед людьми, – получение достойного образования. Со дня обретения независимости в нашей стране проводятся кардинальные преобразования в системе образования. Это связано, в первую очередь, с устойчивым социально-экономическим развитием страны, которое требует дальнейшего развития сферы образования. Задачи, стоящие перед нашей страной для достижения уровня развитых стран, требуют повышения конкурентоспособности молодых специалистов, их способности противостоять вызовам современного времени. Современное поколение – будущие специалисты, способные в недалеком будущем решать дальнейшие задачи развития страны. Исходя из этого, для обеспечения обучения современных специалистов необходимо и дальше развивать сферу образования, что и служить основным велением времени.

Ключевые слова: система образования, показатели развития образования, научно-техническое развитие, стратегические цели отраслей образования и науки, конкурентоспособность.

A.B. Aitbembetova, R.A. Murabildaeva

Main directions of development of the economy of Kazakhstan education in modern times

In the modern period the main task before the people – getting a decent education. Since independence in our country, a kardionalnye transformation in the education system. This is due primarily to the sustainable socio-economic development of the country, which requires further development of the education sector. Challenges faced by our country to the level of developed countries, require increasing the competitiveness of young professionals, their ability to meet the challenges of modern times. The current generation – future professionals capable distant future is to solve the problem further development of the country. On this basis, to provide training modern specialists should further develop the education sector, which serve as the main order of the day.

Key words: education system, indicators of education, research and technological development, the strategic goals of education and science sectors, competitiveness.

XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар. Осы мақсатқа жету үшін елбасымыз

Н.Ә.Назарбаев биылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында төмендегідей міндеттерді жүктеп отыр:

Қазіргі таңда барлық дамыған елдердің сапалы бірегей білім беру жүйесі бар. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу қажет. Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажеттігі анықталып отыр. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің әлеуметтік пакеттерін қайта қарастыру көзделіп отыр. Үкіметке азаматтық қызметшілер еңбекақысының жаңа үлгісін әзірлеуді және 2015 жылғы 1 шілдеден бастап енгізуді тапсырған. Ол қызметкерлердің еңбекақыларын денсаулық сақтау саласында – 28, білім беру саласында – 29, әлеуметтік қорғау саласында 40 пайызға дейін арттыруды қамтамасыз етуге тиістігі айтылып отыр [1].

Жас ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беру отбасынан, балабақшадан және орта мектептен бастау алады. Елбасының биылғы Жолдауында осы мәселеге көңіл аударуы қоғамдағы сенімділікті нығайтып отыр. Себебі, қоғамның аса маңызды құндылықтарының бірі – білім. Жалпы, биылғы Жолдауды елімізді серпінді, екпінді өркендетудің басты темір-қазығын айқындап берген стратегиялық құжат ретінде бағалауға болады.

Дамыған елдердің экономикасын қазіргі уақытта индустрияланудан кейінгі ақпараттық немесе білім экономикасы, болмаса қызмет көрсету технологиялық экономикасы деп анықтайды. Басқа да анықтамалар бар, бірақ, бастысы, қазіргі экономиканың мықты инновациялық құрамдас бөлігі бар. Сондықтан, егер біз әлемдік экономикаға тең түрде ықпалдасқымыз келсе, егер жаһанданудың талаптарына өзімізге пайдалы жағынан бейімделгіміз келсе, онда өзіміздің дамуымызда бұдан әрі қарай да тек табиғи ресурстарға иек артпауымыз керек. Қазақстанның экономикалық өсудің және бәсекеге қабілеттілікті күшейтудің стратегиялық факторы ретіндегі айтарлықтай ғылыми және білім беру әлеуеті бар. Оны адами интеллектінің, ғылыми-техникалық нәтижелердің жетістіктерін өмірге келтірудің арнасы болып табылатын инновациялар арқылы нарықтық экономикада қозғалысқа келтіруге болады. Қазіргі экономикада инновациясыз бірде-бір түбегейлі міндетті шешу мүмкін емес [2].

Еліміздегі білім беру жүйесін жаңғыртуды үш басты бағыт бойынша жетілдіруді ұсынып отырған елбасымыз Н.Назарбаев: «Білім беру жүйесіне Қазақстан тұрғындарының үштен бір бөлігі тартылған. Мұндағы ең маңыздысы біздің балаларымыздың нақ осы білім беру жүйесінде өсетіні, қалыптасатыны және есейетіні. Сондықтан да бүкіл жаңғырту үдерісінің табысқа жетуінің түйінді факторы ұлттық білім беру жүйесін жаңартудың табысты өтуі болып табылады», – деген болатын. Демек, биылғы Жолдауда білім мәселесіне ерекше көңіл бөлінуі тегін емес. Иә, білімге салынған инвестиция бір күннің ішінде нәтиже бермейді. Барлығы уақыттың еншісінде [3].

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында 2015 жылға қарай халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі қазақстандық оқушылардың нәтижелерін жақсарту көзделген. 4-сынып оқушылары арасында жаратылыстану және математика пәндері бойынша өткен салыстырмалы зерттеулер туралы оқушылардың айқын түсініктері бар. Ол зерттеулерге 36 ел (TIMSS), сонымен қатар 65 қатысушы елдің (PISA) 15 жастағы оқушылары тартылған. Қазақстандық білім алушыларды мәнерлеп оқу, математика және жаратылыстану бойынша ұлттық іріктеу 200 білім беру ұйымының 15 жастағы оқушыларын қамтыды. ЮНЕСКО-ның мәліметтеріне қарағанда, қазіргі таңда Қазақстан білім беруді дамыту көрсеткіші бойынша әлемнің 129 елінің ішінде төртінші, тұрғындардың сауаттылық деңгейі жөнінен 177 елдің арасында 14-орында тұр. Қорытынды көрсеткеніндей, мәтінмен жұмыс істеу барысында қазақстандық оқушылар қиындықтарға тап болды. Мәтінді оқу бойынша талап етілген нәтижеге жеткен оқушылар үлесі 7 пайызды ғана құрады, бұл олардың дағды деңгейінің төмендігін білдіреді. Қалыптасқан дәстүрлі бағалау өлшемдерінен (оқу шапшаңдығы, дауыс ырғағы, логикалық екпін, тағы с.с.) басқа PISA зерттеулерінде жазба мәтіндерді оқушының түсіну қабілеті және оларға рефлексиясы, өзінің жеке мақсаттарына қол жеткізу жолында мәтін мазмұнын пайдалануы, білімі мен мүмкіндіктерін қоғамдық өмірге белсенді араласу үшін дамытуы оқу сауаттылығына жатады. Халықаралық зерттеулер қорытындылары облыстың әдістемелік қызметтерін және жал-



1-сурет – Қазақстанның 2020 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының мақсаттары
Ескерту: дерек көзі бойынша автор құрастырған [5, 46 б.]

пы білім беретін мектептердің педагогтерін өз жұмыстарына айтарлықтай түзетулер енгізуге міндеттейді [4].

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесін дамыту болып отыр. Жоғары білім республика экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде, ғылым мен өндірісті біріктіруде маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Елбасымыз Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын түпкілікті пысықтағанда Финляндияның тәжірибесіне арқа сүйеуі қажеттігін алға тартты.

Сарапшылар Финляндиядағы білімнің озық жүйесінің қалыптасуын ұзақ мерзімді саясаттың жемісі деп бағалайды. Өйткені, ондаған жылдар бойы білім беру саласын дамыту ұлттық басымдықтардың ең алдыңғы орында тұрды. Жыл сайын Фин үкіметі білім беру саласын қаржыландыруға 5 млрд. 466 млн. еуро шамасында немесе бюджеттің шығыс бөлігінің 15,5 пайызын жұмсап келеді. Бұнымен қоса, Финляндияның тұтастай жоғары оқу орындарына жұмсалатын мемлекеттік шығыстар жалпы білім саласына қатысты шығыстардың 21,7 пайызын құрайтын болып отыр. Сонда жоғары оқу орындарындағы бір ғана студент үшін

жұмсалатын мемлекеттік шығын жылына 8 мың еуроны құрайды.

Финляндия басшылығы мен Қазақстан Республикасы арасында Білім мен Ғылым саласында серіктестік туралы келісім жобасы жасалған. Қазіргі уақытта келісім контрагенттердің қарауында. 2010 жылы шетелдік үздік жоғары білім мекемесіне, ғылыми орталық пен зертханалар қатарына және ҚР Президентінің «Болашақ» стипендиясының иегерлеріне ғылыми тәжірибе мен оқудан өтуге ұсынылған университеттер қатарына Хельсинкский Университеті (The University of Helsinki) кірген [8].

Әлемдік тәжірибеде, ЕО ең төмен әлеуметтік стандарттарын құру, ол 2004 жылдың желтоқсанында Тіркеу жөніндегі Еуропалық консорциуммен (ECA) жарияланған мынадай «Еуропалық деңгейдегі келісілген стандарттар, рәсімдер және ұсыныстар туралы ереже» (ESIB, сәуір 2004), «Сапаны кепілдендіру агенттіктерін және тіркелген агенттіктерді сыртқы сараптау туралы ереже» (ESIB, сәуір 2004), «Берлин коммюникесі мәнмәтінінде сапаны кепілдеу саясаты» (EUA, сәуір 2004) және «Болон процесінің саясаты туралы ереже» (EURASHE, маусым 2004) «Жақсы тәжірибенің кодексі» сияқты құжаттарға негізделген болатын. Ұсынылған құжаттар шеңберінде ең төмен әлеуметтік стандарттарын құру про-

1-кесте – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту саласындағы стратегиялық мақсаттар [6]

2020 жылға қарай	Мемлекет қалаларда да ауылдық жерлерде де балаларды мектепке дейін тәрбиелеумен және оқытумен толықтай қамту үшін мүмкіндіктерді ұсынады.
2015 жылға қарай	Әр елді мекенде кем дегенде бір мектепке дейінгі ұйым бар немесе мектепке дейін тәрбиелеудің басқа нысандарын жүзеге асыру үшін жағдайлар бар болады. Мектепке дейін оқыту және тәрбиелеу қызметтерінің жеке жабықтаушыларын дамытуды ынталандыратын жағдайлар бар болады. Мектепке дейін тәрбиелеумен және оқытумен 70 пайыздық қамтуды қамтамасыз ететін мемлекеттік және жеке балабақшалар жүйесі дамиды. Аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты мектепке дейін тәрбиелеу мен оқытудың алуан түрлі үлгілері әрекет етіп, дамиды

2-кесте – Орта білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттар [6]


2020 жылға қарай	Жалпы білім беретін мектеп білімді, жоғары өнегелі, сыншыл ойлайтын, денесі де, рухани жағынан да дамыған, өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа қабілетті азаматты қалыптастыру үшін академиялық білім беріп, дағдыларды дамытады. Қазақстандық жалпы білім беретін мектеп оқушылары PISA, TIMSS, PIRLS сияқты, халықаралық салыстырмалы зерттеулерде жоғары нәтижелерге жетеді.
2015 жылға қарай	Жалпы білім беретін мектептер 12 жылдық үлгі бойынша, орта білім берудің жанартылған ұлттық стандарттары, оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жұмыс істейді Орта мектептерді жан басына қаржыландыру тетігі енгізілген, мектептердің қамқоршылық кеңестері жұмыс істейді. Қазақстанның барлық өңірлерінде "Назарбаев. Зияткерлік мектептер" жобасы шеңберінде 20 мектеп жұмыс істейді.

3-кесте – Техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы стратегиялық мақсаттар [6]

2020 жылға қарай	Әлемдік білім беру кеңістігіне біріктірілген техникалық және кәсіптік білім берудің тиімді жүйесі жұмыс істейді. Ішкі және сыртқы еңбек нарықтары танитын Ұлттық біліктілік жүйесі енгізіледі. Жұмыс берушілер техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары түлектерінің білімдері мен дағдыларының жоғары сапасын мойындайды.
2015 жылға қарай	Еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін техникалық және кәсіптік білім берудің стандарттары оқу жоспарлары/бағдарламалары жанартылады. Жұмыс берушілер техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрлар даярлау жөніндегі салалық және өңірлік кеңестердің жұмысына қатысады. Жасына, білім беру деңгейіне және кәсіптік біліктілігіне қарамастан, бүкіл өмір бойы оқыту үшін жағдайлар жасалады.

4-кесте – Жоғары, жоғары оқу орнынан кейін білім беру және ғылым саласындағы стратегиялық мақсаттар [6]

2020 жылға қарай	Қазақстанның жоғары білім беру сапасы білім беру саласындағы әлемнің ең үздік тәжірибелеріне сәйкес келеді. Кемінде, Қазақстанның екі ЖОО үздік әлемдік университеттер рейтингіне енгізіледі. Жоғары оқу орындарының түлектері жұмыс берушілер тарапынан сұранысқа ие болады
2015 жылға қарай	Қазақстанның жоғары мектебі Болон процесінің негізгі параметрлеріне сәйкес тиімді әрі сәтті жұмыс істейді. Жоғары білім беру жүйесі барлық деңгейде транспарентті, басқару мен қаржыландырудың қазіргі заманғы тетігі енгізілген, сыбайлас жемқорлық деңгейі айтарлықтай азайтылады. Қазақстандық ЖОО-дың 50%-ы халықаралық стандарттар бойынша тәуелсіз ұлттық институционалдық аккредиттеуден өтеді. Университеттер жанындағы зерттеу орталықтары технологиялардың сәтті трансферті үшін тетіктер әзірлейді. Назарбаев университеті біліктілігі жоғары мамандар мен жас ғалымдарды оқытып шығарады



2-сурет – Финдік білім беру жүйесінің негізгі ерекшеліктері

Ескерту: дерек көзі бойынша автор құрастырған [7]

блемалары INQAАНЕ халықаралық желісімен пайдаланылатын ұсыныстармен бірге, сапаны сыртқы бағалау стандарттарын салыстыру жолымен қарастырылды. Аталған тәсілді қолдана отырып, ЕО азаматтарының жалпы құқықтары анықталған болатын, оның ішінде білім беруге және кәсіби дайындыққа:

- Тегін бастауыш білім;
- Тегін орта білім;
- Тегін жоғары білім;
- Кәсіптік оқыту.

Бұдан басқа, төмендегідей ең төмен әлеуметтік стандартты қалыптастыру қағидаттары тұжырымдалған болатын:

- Білім беру бағдарламаларының қолайлылығы;
- Статистикалық және әдіснамалық негізділігі [9].

Ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін дамыған елдердің даму жолы мен экономикасын зерттеп, тиімді жақтарын ала білуіміз қажет. Елімізде білім саласында іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар өз кезегінде нәтижесін көрсетіп жатыр. Осы мемлекеттік бағдарламалар арқасында ұлттық білім беру жүйесі дамып, дамыған елдер қатарына қосылар күн де алыс емес екендігі анық.

Әдебиеттер

- 1 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 17 қаңтар 2014 жыл.
- 2 Нұрлановна Н. Инновациялық экономика және ғылым. 22 Шілде, 2011 жыл. <http://thenews.kz/2011/07/22/874128.html>
- 3 Оразымбетова Г. Табыс килті білімде // Дала мен қала. 2013 жыл. 18 мамыр. http://old.dmk.kz/men_nyrotannanmyin/tabyis-kilti_-bilimde.html
- 4 Онашова М. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту. <http://www.group-global.org/kz/lecture/view/1473>
- 5 АО «Национальный инновационный Фонд», Отчет о тенденциях развития инноваций в мире и в Республики Казахстан//2012г//19-81б.
- 6 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығы.
- 7 Мәметқазыұлы Қ. Білім саласындағы бәсекелестік алдағы дамудың басымдығына айналуы шарт // Астана. 25 қаңтар. ҚазАқпарат. <http://www.inform.kz/rus/article/2231061>
- 8 Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің ресми сайты. <http://www.edu.gov.kz/kk>
- 9 Строева Г.В. аға сарапшы «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ. Білім беру саласының әлеуметтік салалары: сапалы білім беруге тең құқылы қол жеткізу. www.group-global.org/storage_manage/download_file/19398

References

- 1 KR Prezidenti N.A.Nazarbaevtyн Kazakhstan khalkyna zholdaуy “Kazakhstan zholy – 2050: bir maksat, bir mudde, bir boloshak”. 17 kantar 2014 zhyl.
- 2 Nurlanovna N. Innivatsiyalyk ekonomika zhane gylym. 22 shilde 2011 zhyl. <http://thenews.kz/2011/07/22/874128.html>
- 3 Orazymbetova G.. Tabys kilti bilimde// Dala men kala. 2013 zhyl.18 mamyr. http://old.dmk.kz/men_nyrotannanmyin/tabyis-kilti_-bilimde.html
- 4 Onashova M. Kazakhstan Respublikasynyn bilim berudi damyту. <http://www.group-global.org/kz/lecture/view/1473>
- 5 АО “Natsional’nyy innovatsionnyy Fond”, Otchet o tendentsiyakh razvitiya innivatsii v mire I v Respubliki Kazakhstan//2012g//19-81b
- 6 Kazakhstan Respublikasynyn 2020 zhylga deiingi Strategiyalyk damu zhospary turaly Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2010 zhylgy 1 akpandagy № 922 zharlygy
- 7 Mametkazyuly K. Bilim salasyndagy basekelestik aldagy damudyn basymdygyna ainaluy shart// Astana. 25 kantar. KazAqparat. <http://www.inform.kz/rus/article/2231061>
- 8 Kazakhstan Respublikasy Bilim shane Gylym ministriliginin resmi saity. <http://www.edu.gov.kz/kk>
- 9 Stroeва G.V. Aga sarapshy “Ekonomikalыk zertteu instituty” AK. Bilim beru salasynyn aleumettik salalary: sapaly bilimge ten kykyly kol zhetkizu. www.group-global.org/storage_manage/download_file/19398